С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі»** атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.133-135

ІРІ СУАРМАЛЫ АЛҚАПТАРДЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ КЕЙБІР ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алиев Е.

Территорияны тиімді ұйымдастырудың негізгі мақсаты - өндіріске, оның салалық құрылымына ыңғайлы, сонымен қатар табиғи ортаға бейімделген реттілігін іздестіріп табу, үнемі өзгеріп отыратын өндіріске территорияны сәйкестіру. Нәтижесінде барынша материалдық ресурстар мен адам еңбегі үнемделуге тиісті. Бұл пайымдалып отырған тезис алдыменауылшаруашылық өндірісінің аса маңызды саласына – суармалы егіншілікке қатысты. Бұнда суармалы учаскелердің орналасуына бір қатар, есепке міндетті түрде алуға қажетті факторлар әсер етеді. Соңғыларының қатарына дайын өнімді тасымалдау, суаруға қажетті суды учаскелерге жеткізу қашықтықтары, өнімнің жоғалу көлемі жатады.

Суармалы жерлердің пайдалануын ұйымдастыру осымен қатар жермен үзілмес байланыстағы өндіріс құралдарын (жылжымайтын мүлікті) орналастыруды қамтиды. Жермен үзілмес байланыстағы өндіріс құралдарына бұнда, бірінші кезекте, гидротехникалық қондырғылар пен ирригациялық жүйе және басқа осы тәріздес объектілер жатады. Осыған себепті суармалы егіншілік аймақтарында территорияны ретестіру ісіне бір қатар ерекшеліктер тән. Суармалы егіншіліктің негізгі ерекшелігі – жер мен судың өндіріс құралдары ретінде өзара әрекеттестігі. Суармалы егіншілік аймақтарында жер аса маңызды өндіріс құралы. Дегенмен ондай рөлге ол сумен қосылғанда ғана ие бола алады. Бұл аймақта жерді суаруға қажетті сусыз, өз кезегінде суды, жер болмаса, аса құнды өндіріс құралдары деп санау өте қиын.

Суармалы жерлер аса маңызды ауылшаруашылық алаптардың түрлеріне жатады. Республикамызда бұларды пайдалануда бір қатар проблемалар орын алып отыр. Солардың арасында – су жетіспеушілігі. Іс жүзінде бар 2 млн. га астам суармалы жерледің 600 мың гектары осы және басқа себептерге байланысты пайдаланылмай жатыр.

Осымен қатар соңғы жылдардың зерттеу нәтижелеріне қарағанда оларды игеріп орналастыру ісінде де маңызды кемшіліктер байқалады. Алдымен бұл суармалы учаскелерді таңдауды техника-экономикалық және экономикалық тұрғыдан негіздеуге қатысты. Осының салдарынан барлық аймақтар бойынша оларды пайдалану тиімділігі үнемі төмендеуде.

Осы мәселені тиісті ғылыми- әдістемелік деңгейде шешу аса маңызды ірі суармалы алқаптарда жер учаскелерін территориялық аспектіде дұрыс

орналастыру. Бұл ауылшаруашылық дақылдарды суаруғу кажет суды жеткізуге және өнімдерді тасымалдауга кететін шығындарды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Аса маңыздысы, бұнда, айтарлықтай қосымша қаржылардың қажет болмауы. Осымен бірге ірі суармалы алқаптарда жер учаскелерін тиімді орналастыру мәселесі бір қатар ерекшеліктерге ие. Соңғыларын айқындап және жалпы суармалы учаскелерді орналастыру әдістемесін әзірлеудің белгілі бір ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы бар.

Қазақстан Республикасында суармалы жерлерді пайдалану жүйесінің аса маңызды ерекшеліктерінің бірі - бір жағынан орасан зор ирригациялық қордың бар болуы, ал екінші жағынан оларды суаруға қажетті судың жетіспеушілігі. Осы жағдай жалпы ирригациялық қордан суаруға тиімді учаскелерді таңдап алу проблемасын тудырады. Бұған қосымша табиғи жағдайлардың орасан түрлілігі аталған мәселені шешу ісін едәуір күрделендіре түседі. Өз кезегінде бұл жерді игерудің бір қатар нұсқаларын жасап, арасынан экономикалық және экологиялық жағынан ең тиімдісін таңдауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде осы жерлерде өндірілетін ауылшаруашылық өнімдерді тұтынушыларға барынша жақындатуға, осы арқылы транспорттық шығындары мен өнімнің тасымалдаудағы жоғалуын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік алынады.

Осымен қатар аса маңызды фактор –суаруға қажетті суды – ескеруге мүмкіндік пайда болады. Қазіргі кезде аса құнды бұл табиғи ресурс өнімнің өзіндік құнында қомақы орын ала отырып, оның тиімділігіне, бәсекелестік қабілеттілігіне айтарлықтай жоғары деңгейде әсер етеді. Мысалы, мұндағы оның оның үлес салмағы 50-70% дейін жетеді. Бұндай жағдай, бірінші кезекте, судың суару учаскелеріне насостар арқылы жеткізілуіне байланысты. Сондықтан суға кететін шығындарды азайту – аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Оларды қысқартуға суару учаскелерін тиімдірек (су көздеріне жақындау) орналастыру арқылы жетуге болады. Ірі суармалы учаскелерге суды жеткізетін магистралдық каналдардың трассасы бойынша судың бағасы өзгеріп (өсіп) отырады. Каналдың төменгі жағында соңғысының деңгейі суармалы егіншілікті экономикалық тұрғыдан мүлде тиімсіз қылады.

Көліктік және суды тасымалдауға кететін шығындардың әсері сол учаскелердің нысаналы пайдалануына да байланысты. Олардың азаюна өсірілетін ауылшаруашылық дақылдардың құрамы мен үлес салмақтары айтарлықтай ықпал жасайды. Демек аса маңызды тиімді дақылдар құрамын іздестіріп табу. Сонымен осындағы аса маңызды мәселелер суару учаскелерін тиімді орналастыру арқылы:

- транспорттық шығындарды қысқарту;
- суды тасымалдауға кететін шығындарды азайту;
-ауылшаруашылық дақылдардың тиімді құрамы мен үлес салмақтарын іздестіріп табу;
- ірригациялық жүйені салуға қажетті инвестицияларды барынша үнемдеу.

Жоғарыда аталып шыққан жағдайлар суаруға қажетті судың құны мен өнімді тасымалдау шығындарын есепке алу және осы жөніндегі қабылданған

жобалық шешімдерді техника-экономикалық негідеу әдістемесін әзірлеуді маңызды ғылыми-әдістемелік проблемаға айналдырып отыр